


«Ірі қара мал шаруашылығы» бағыты бойынша
«Ірі қара малды толыққұнды азықтандыру» тақырыбында өткізілген
консультациялар туралы

ЕСЕП

Өткізу күні:
2025 жыл «28» тамыз

Консультация өткізу орны:
Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Байтерек ауылы, «Агора» ШҚ

Эксперт:


(қолы)

М.Б. Калмагамбетов

Басқарма Төрағасы – Ректордың
Бірінші орынбасары



П. Ибрагимов

Есеп құрылымы

1) кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері;

Организмнің зат алмасу барысындағы тіршілігін қамтамасыз ету мен өнім түзу қажеттілігінен туындайтын малдың мұқтаждық көрсеткіштері азықтандыру нормасы арқылы белгіленеді, Ол көрсеткіштер түлік түріне, жасына, жынысына, өнімдік бағыты мен тұқымына, физиологиялық ахуалы мен тірілей салмағына және өнімділігіне байланысты өзгереді.

2) қойылған проблеманы немесе қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс проблемалар шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсынымдары

Шаруашылықтағы мал денсаулығын сақтап, өсіп-өнуі мен өнімділігін арттыруды нормалап, организмнің сыртқы ортадан енетін қоректік заттарға мұқтаждық көрсеткіштеріне малдың жеген азығының қоректілігін сәйкестендіріп, мөлшерлеп азықтандыру негізінде іске асырады. Мал мұқтаждығына сәйкес азықтандырған жағдайда ғана үнемді жұмсалған азық шығынымен мал басының арзан да жоғары өнімдігін қамтамасыз етуге болады.

3) өнім өндірісін ұлғайтудың/өнімділікті арттырудың/өзіндік құнын төмендетудің сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӨК субъектілеріне ұсынымдарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже және т. б.;

Мүйізді ірі қара қарынын көп бөлімді, күйіс қайыратын малға жатады. Оның алдыңғы месқарын, тақия қарын, жалбыршақ бөлімдерінде желінген жемшөп ұсатылып, сілекейленіп, микробиологиялық өңдеуден өтеді де, әбден майдаланып, жұмсартылған қойыртпақ түрінде нағыз қарын ұлтабарға өтеді де қарын сөлімен қышқылдандырылып, ыдыратылып қорытыла бастайды.

Месқарындағы микробиологиялық үдеріс (ашыту) барысында пайда болған сүт-, пропион-, сірке- секілді ұшпалы май қышқылдары (ҰМК) тікелей қанға сіңіріліп, малдың энергетикалық мұқтаждығын едәуір қамтамасыз етеді. Сондықтан күйіс қайратын малды қоректенуінде осы микробиологиялық үдеріснің қарқынды да бағытты өтуінің үлкен маңызы бар.

Малдың қоректік мұқтаждығы энергетикалық азық өлшемі, алмасу энергиясы, қорытылатын протеин, ас тұзы, кальций, фосфор, каротин бойынша қоректену көрсеткіші жалпы азықтандыру нормасымен, ал қажетті және мүмкіншілік болған жағдайда бұл қорсеткіштерге қосымша «шикі» протеин мен ауыспайтын аминқышқылдары, макро- және микроэлементтер мен маңызды витаминдер мұқтаждығын толықтырылған 20-40 көрсеткіштерді қамтитын тетіктелген азықтандыру нормасымен белгіленеді.

Азықтандыру нормасына негіздеп азықтандыру рационын, яғни әр мал басына жегізілетін жемшөп мөлшерін, құрастырады. Рациондағы азықтар мөлшері мал түлігінің ас қорыту ерекшелігін ескере отырып,

қоректік заттарға мұқтаждығы азықтандыру нормасының көрсеткіштерін қамтамасыз етуі қажет.

Мал түлігінің түріне, жасына, жынысына, физиологиялық ахуалы мен өнім бағытына, өнімділігіне сәйкес азықтандыру рационы құрылымына белгілі мөлшерде шырынды, ірі және құнарлы азықтар кіреді. Рацион құрамына кіретін азықтар түріне жыл маусымы әсер етеді, сондықтан да етті бағыттағы ірі қара мал жазғы кезеңде малдың қоректік мұқтаждығын ең алдымен биологиялық тұрғыдан құнды, ал экономикалық тұрғыдан ең арзан көк азық - жайылым отымен өтеуді мақсат ету керек.

Айталық, күйісті малдың ас қорыту жолын кернеп, рецепторларын тітіркендіріп, қоздырып, қарын моторикасы мен ішек перистальтикасын дұрыстау үшін 20-25 кг шырынды азық берілген салмағы 400-500 кг сиырға кемінде 4-5 кг, яғни салмағының әр 100 кг 1 кг аса ірі азық берілуі керек те, ал қоректік заттар қорытылуына да кері ықпал ететін "шикі" клетчатка деңгейінің мөлшері 1кг құрғақ затқа шаққанда жоғары өнім беретін мал азығында 15-16%, шикі протеин мөлшері 18 %-дан аспауын қадағалайды.

Мүйізді ірі қара мал рационында сүрлем мен ірі азықты пішендемемен алмастыруға болады. Төмен сауымды сиырға шырынды азықтың 1/3, орта сауымдысына 2/3, жоғарысына 1/2 бөлігін тамыржемістілермен толықтырады. Өнімділігі өскен сайын рациондағы аумақты азық үлесін кемітіліп орнына құнарлы азық үлесін молайтылады.

Сүтті сиыр бұзаулауы (сауымы басталуы) аралығының қамтитын 11-12-айлық *өндірістік айналым* кезеңіне сәйкес азықтандырылады.

Өндірістік айналым бойындағы сүтті сиыр азықтандырылуы физиологиялық ахуалына сәйкестіріледі: айналымның 10 айлық *сауым кезеңінде* алғашқыда сиыр сүттілігін арттыруға басым көңіл аударылса, кезеңнің соңына қарай 9 айлық *буаздық кезеңінің* соңына қарай жедел дами бастаған ұрықтың жақсы жетілуі, туылуына көңіл аударылып, сиырды 36-кестедегі қоректік мұқтаждық көрсеткіштеріне сәйкестендіре азықтандырады.

Келтірілген азықтандыру нормасы орта қоңды сақа сиыр сауымының ортасындағы *қызған* кезеңіне қолдануға арналған, ал сауымның басындағы *сүтейту* кезеңінде сиыр сүттілігін арттыру үшін ол қосымша 1-1,5 азық өлшеміне жоғарылатылып, сиыр *үстемеленіп* азықтандырылса, сауымның соңғы *суалту* кезеңінде азықтандырудың жалпы қоректілік деңгейі сақтала отырып, азықтандыру реті мен рацион құрылымын өзгерту арқылы сиыр сүттілігін азайтып барып, буаздығының соңғы 8-9-шы айына сәйкес келетін 10 ай сауымынан соң сиырды 45-60 күнге саумай суалтады.

Сиырға суалтылу кезеңін екі мақсатпен береді:

1) Эмбрионалдық дамудың соңғы үштігінде жедел дамып, көлемі мен салмағы жағынан ұлғайатын ұрықты қоректік заттармен толығырақ қамтамасыз ету арқылы ірі салмақты, жақсы жетіліп дамыған, өміршең бұзау тудыру көзделсе;

2) Сауымда күрделі құрамды сүтті түзуге жұмсалған сиыр денесінің қоректік қорын бұзаулағаннан кейінгі басталатын келесі сауынға толықтыру көзделеді.

Осы көзделген мақсаттарға жету үшін құнажын мен жоғары сүтті сиырларға суалтылу кезеңі 10-15 күнге ұзартылады.

Суалған буаз сиырдың жүйке-гуморалдық жүйесінің әсерінен сүт түзуі бәсеңдеп ұрық дамуы күшейетіндіктен азығының әр 1 энергетикалық азық өлшеміне 110-120 г қорытылатын протеин, 6,5-7,2 г ас тұзы, 9,5-10,5 г Са, 5,8-6,7 г Р, 5,0-5,5 мг каротин келуі керек.

Азықтандыру нормасы кезеңнің 1-ші онкүндігінде – 20% төмендетіп, 2-ші онкүндігінде – 100% деңгейінде жеткізіп, 3-4-ші онкүндіктерінде одан – 20% жоғарылатады, 5-ші онкүндігіне қайта – 100% деңгейіне түсіріп, 6-ші онкүндігіне – 20% төмендетеді. Дұрыс азықтандырылған буаз сиыр тәулігіне 800-900 г салмақ қосып, суалтылған кезеңде тірілей салмағын 10-15% арттырып, тірілей салмағының 7-9% тартатын бұзау туады.

Азықтандыру нормасын шаруашылық жемшөбінен құрастырылған азықтандыру рационымен қамтамасыз етеді. Сауын сиыр азықтандыру рационының басым бөлігін (қоректілігінің 40-60%) сүтейткіш шырынды азықтармен (1/3 сүрлем, қызылшамен) қалғанын ірі жемшөппен (1/3 пішенмен) және сүттілігіне қарай құнарлы жеммен (1 кг сүтке 100-400 г есебінен) жеткізеді. Берілетін азыққа сиырды біртіндеп 10-15 тәулікте үйретеді.

Рацион азығының желіну көлемін құрғақ затымен бақылайды.

Сиыр сүттілігі артқан сайын рационның құрғақ затындағы энергия шоғырлану дәрежесі де жоғарылатылады: жылдық сауымы 3000 кг сиыр рационының 1 кг құрғақ затында 0,8 энергетикалық азық өлшемі (8,2 МДж АЭ) жеткілікті болса, 5500-6000 кг сүт сауылатын сиыр рационында 0,11 энергетикалық азық өлшемі (10,5 МДж АЭ) болып, басқа да қоректік заттар деңгейі жоғарылатылуға тиіс.

Рацион құрғақ затындағы энергия мен қоректік заттар деңгейін көтеру үшін малға берілетін құнарлы жем мөлшерін молайтады: сиыр жалпы сауымының 40-50% сауылатын алғашқы 100 күнінде *әр 1 кг сүт түзіміне...* тәуліктік сауымы 10-15 кг болса – 100-150 г, тәуліктік сауымы 16-20 кг болса – 150-250 г, тәуліктік сауымы 21-25 кг болса – 250-450 г жем жұмсау жоспарланады.

Бұдан көп берілген құнарлы жем зат алмасуын күшейтіп, сауымын арттырғанмен, сиырдың шаруашылық пайдалану мерзімін қысқарту арқылы физиологиялық та, экономикалық та зиян шектіреді. Қымбат құнарлы жем үлесінің молаюы сүттің өзіндік құнын өсіреді.

Азықтандыруда рацион құрғақ затындағы энергия мен қоректік заттының шоғырлану деңгейін клетчатка мөлшерімен реттейді: жылдық сауымы 3000-4000 кг сиыр рационындағы оның деңгейі – 26-22% болса, сауымы 5000-6000 кг сиыр рационында – 20-16%-ға төмендетіледі.

Сауым басындағы сүтейту кезеңінде сиырдың жеген азығы дене қоректік заттар шығынын толықтыра алмайтындықтан, ол "*денесінен сауылу*"

салдарынан тірілей салмағын күніне 0,5-1 кг азайтып, сауымының алғашқы онкүндігіне 50-100 кг салмағын жоғалтады. Осының алдын алып, сиырды «денесінен саудырмау» үшін суалтылу кезеңіндегі сиыр азықтандыруына жете көңіл бөліп, денесіндегі қоректік заттар қорын толықтыру керек. Оны суалтылған кезеңдегі сиырдың тірілей салмағының 10-12% қосылумен бақылайды.

Сауымның бастапқы сүтейту кезеңінде сиырды тірілей салмағы және тәуліктік сүт сауымы бойынша белгіленген нақты азықтандыру нормасын қосымша 3-4 кг энергетикалық азық өлшеміне жоғарылатып, үстемелеп (жеммен) азықтандыруды сиыр желінін уқалап, жиі сауумен ұштастыра отырып, қысқа мерзімде мейлінше жоғары сүт сауымына жеткізуге тырысады.

Өйткені сиырды, әсіресе алғашқы сауылатын құнажындарды, жақсы иітіп, жоғары сүтейтудің олардың одан кейінгі жалпы сүттілігіне әсері зор болады: сүтейту кезеңіндегі иітіліп сауылмай қалған 1 кг сүт мөлшері сиырдың жалпы сауымын 200-300 кг сүтке кемітеді. Дұрыс иітіп сүтейту арқылы құнажынның алғашқы сауымын – 800-1000 кг, ал одан кейінгі сауымдарын тағы да – 400-600 кг сүт сауымына арттыруға болады.

Азықтандыру типіне сәйкес сауын сиырға тәулігіне 10-15 кг азықтық қызылша үлесіне тиетін 20-30 кг сүрлем, 4-6 кг аралас дақылдар пішені мен 3-5 кг жаздық дақыл сабанын береді. Қызылшаның, әсіресе қант қызылшасының, бір бергендегі мөлшерін сиырдың 100 кг тірілей салмағына шаққанда 2 кг-нан асырмай бірнеше рет бөліп береді.

4) кеңес беру фото суреттері



